

**Астана қаласы**  
**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының**  
**Педагогикалық кеңесінің**  
**№3 хаттамасы**

*Жиналыс төрайымы :* Г.Б. Мырзагулова  
*Хатшы:* К.М. Тасболатова

**Күні: 29.01.2026 жыл**

**Қатысқаны: 44**

**Қатыспағаны: 0**

**Өткізу форматы:** офлайн

**Ұзақтығы:** 90 минут

**Қатысушылар:** Балабақша әкімшілігі, педагогтер, хатшы.

**Тақырыбы:** «Балабақша мен ата –аналар арасындағы ынтымақтастық»

**Мақсаты:** Балабақша мен ата-аналар арасындағы тиімді ынтымақтастықты дамыту, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы сенімділік пен өзара түсіністікті арттыру.

**Күн тәртібінде**

1. «Ата-ананың алақаны – балаға саялы бақ» (*тренинг*)  
Балабақша психологі А.А Карина
2. «Үйдегі логопед» үйде сөйлеуді түзету. (*тренинг-практика*)
3. «Жас аналар» мектебі  
(*шеберлік сағат*)  
Тәрбиеші: А.М. Карарова
4. «Жас ата-аналармен жұмыс жасауда нені ескереміз» (*іс-тәжірибе*)  
Тәрбиеші: М.Н. Сексенбаева
5. «Әкелер» мектебі  
(*шеберлік сағаты*)  
Тәрбиеші: А.А. Ахметова, М.Е. Абжанова
6. Әртүрлі мәселелер.  
Балабақша меңгерушісі Г.Б. Мырзагулова

**Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері Ж. Жаркенова үшінші педагогикалық кеңестің тақырыбы, мақсаты және жұмыс жоспарының негізгі бағыттарымен таныстырып өтті. Әдіскер өз сөзінде алдағы кеңестің мазмұндық ауқымын, оның білім беру ұйымының жылдық жоспарына сәйкестігін, сондай-ақ педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттырудағы маңызын ерекше атап өтті. Үшінші педагогикалық кеңестің негізгі тақырыбы ретінде

«Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру мәселелері» ұсынылатындығын айтты. Кеңесте педагогикалық ұжым мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынасты нығайту жолдары, балалардың дамуы мен тәрбиесіне қатысты бірлескен іс-әрекеттердің тиімділігін арттыру бағыттары қарастырылатын болады. Сонымен қатар, кеңестің мақсаты – білім беру процесін жетілдіру арқылы балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, педагогтердің кәсіби шеберлігін көтеру және ата-аналармен тұрақты ынтымақтастық орнату болып табылады.

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша **«Ата-ананың алақаны – балаға саялы бақ»** тақырыбында тренинг өткізілді. Балабақша психологі А.А. Карина қатысушыларға ата-ананың баланың тәрбиесі мен дамуына тигізетін маңызын, балалармен сенімді қарым-қатынас орнату жолдарын түсіндірді. Тренинг барысында қатысушылар баланың эмоционалды және әлеуметтік дамуына ата-ананың ықпалын зерттеді, бала тәрбиесінде ата-ананың рөлін арттыру жолдарын талқылады, психолог кеңестері арқылы қиындықтар туындаған жағдайда шешім қабылдау әдістерімен танысты.

2. Балабақша логопеді Тастан Гүлжайна ата-аналар мен балаларға арналған **«Үйдегі логопед»** атты тренинг-практика ұйымдастырып, үйде сөйлеуді түзету әдістері бойынша пайдалы кеңестер берді. Тренинг барысында қатысушыларға күнделікті өмірде қолдануға болатын ойындар, жаттығулар мен сөйлеу дағдыларын дамыту жолдары көрсетілді. Сонымен қатар, балалардың әртүрлі сөйлеу кемшіліктерін анықтау және түзету тәсілдері бойынша практикалық ұсыныстар берілді. Әр ата-аналар өз балаларымен бірге тиімді тәжірибе жасап, сөйлеу дағдыларын жақсартудың нақты әдістерін меңгеру керектігін айтты. Тренинг соңында қатысушылар сұрақтар қойып, жеке кеңестер алып, үйде дұрыс жаттығулар ұйымдастыру жолдарын талқылады. Іс-шара барысында балалардың сөйлеуін дамытуға бағытталған жаңа ойындар мен шығармашылық тапсырмалар таныстырылып, олардың қызығушылығы мен ынтасы артты. Тренинг-практиканың мақсаты – ата-аналар мен балаларға үйде сөйлеу дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік беру, отбасылық ортада тілдік және коммуникативтік қабілеттерді қолдау болып табылды.

3. **«Жас аналар» мектебі** тақырыбында «Ғибрат» тобының тәрбиешісі А.М. Карарова 2025-2026 оқу жылында «Жас аналар» мектебінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Шеберлік сағат барысында жаңа аналарға арналған кең ауқымды тақырыптар қарастырылды: бала тәрбиесінің негізгі принциптері, жас ана мен баланың психологиялық ерекшеліктері, отбасылық қатынастарды нығайту жолдары, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес үйде тәрбие әдістерін ұйымдастыру. Тәрбиеші қатысушыларға практикалық кеңестер беріп, үйде қолдануға болатын тиімді әдістер мен ойындар, оқу-жаттығу тапсырмаларын көрсетті. Әр педагог өз тәжірибесімен бөлісіп, туындаған сұрақтарға жауап алды, бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтарды жеңудің жолдарын талқылады.

Шеберлік сағат барысында психологиялық қолдау көрсету, ана мен бала арасындағы байланысты нығайту, эмоционалды және тілдік дамуды қамтамасыз ету тақырыптарына ерекше мән берілді. Сондай-ақ, қатысушыларға балалардың жасына қарай дамуы мен дағдыларын бақылау, дұрыс бағыттау бойынша кеңестер ұсынылды.

Іс-шара соңында қатысушылар алған білімдерін практикалық тұрғыда қолдануға дайын екендерін білдіріп, шеберлік сағат ана мен бала арасындағы қатынасты жақсартуға, отбасы ішінде оң психологиялық ахуалды қалыптастыруға, жаңа аналарға қолдау көрсетуге бағытталғанын атап өтті.

Шеберлік сағаттың мақсаты – жаңа аналарға бала тәрбиесінің әртүрлі аспектілерін түсіндіру, олардың психологиялық, педагогикалық және практикалық дағдыларын жетілдіру, отбасы мен балалардың дамуына тиімді жағдай жасау болып табылады.

4. Гибрат тобының тәрбиешісі М.Н. Сексенбаева «Жас ата-аналар мектебі» шеберлік сағатында жас ата-аналарға тәрбиелік үдерістегі негізгі ережелерді түсіндіріп, балалардың дамуын бақылау және үйде оқу дағдыларын қалыптастыру жолдарын көрсетті. Іс-шара барысында педагогтер практикалық тапсырмалар орындап, балалардың қажеттіліктерін түсіну, олардың эмоционалды күйін қолдау және позитивті қарым-қатынас орнату әдістерімен танысты. Шеберлік сағатта балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие әдістері, үйдегі оқу ойындары, сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар ұсынылды. Сонымен қатар, ата-аналарға балалардың күнделікті әрекеттерін бақылау, олардың қызығушылығын ояту және оқу дағдыларын тиімді қалыптастыру бойынша кеңестер берілді.

Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, туындаған сұрақтарға жауап алып, балалармен қарым-қатынас жасау және олардың эмоционалды дамуына қолдау көрсету жолдарын практикалық тұрғыда меңгерді. Шеберлік сағаттың мақсаты – жаңа ата-аналарға баланың тұлғалық, психологиялық және интеллектуалдық дамуын қолдауға қажетті әдіс-тәсілдерді үйрету, отбасы ішінде дұрыс тәрбие атмосферасын қалыптастыру және ата-аналардың өз балаларымен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту болды.

Іс-шара соңында қатысушылар алған білімдерін үйде қолдануға дайын екендерін атап өтті және баланың жан-жақты дамуы үшін педагогикалық ұсыныстар мен әдістерді жүйелі түрде пайдалануды жоспарлады.

5. 2025-2026 оқу жылында «Әкелер» мектебінде тәрбиешілер А.А. Ахметова және М.Е. Абжанова ұйымдастырған шеберлік сағаттар өтті. Іс-шара барысында педагогтерге әрбір әкелер балаларды тәрбиелеудегі негізгі қағидалар, психологиялық қолдау көрсету және баланың тұлғалық дамуына үлес қосу жолдары көрсетілді. Шеберлік сағат барысында қатысушылар практикалық тапсырмалар орындап, балалармен тиімді қарым-қатынас орнатудың әдістерін, олардың эмоционалды және әлеуметтік дағдыларын дамыту тәсілдерін меңгерді. Сондай-ақ, әкелерге үйде ойын арқылы оқу дағдыларын қалыптастыру, балалардың күнделікті іс-әрекеттерін бақылау және оларды дұрыс бағыттау бойынша кеңестер берілді.

2025-2026 оқу жылында «Әкелер» мектебі аясында бірқатар жұмыстар жүргізіліп, әкелердің балалардың дамуына белсенді қатысуы, отбасылық тәрбие процесіне қатысуы артты. Қатысушылар өз тәжірибелерін бөлісіп, туындаған сұрақтарға жауап алып, практикалық дағдыларын шыңдады.

Шеберлік сағаттың негізгі мақсаты – әкелерді баланың жан-жақты дамуына, оның эмоционалды және әлеуметтік қабілеттерін қолдауға тарту, отбасыдағы дұрыс тәрбие атмосферасын қалыптастыру және балалармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту болды.

6. Бүгінгі күнге дейін балабақшамызда 2025-2026 оқу жылында балабақшада әртүрлі мәселелерді талқылауға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Конференциялар, семинарлар, ата-аналар жиналыстары барысында балалардың қауіпсіздігі, тәрбиелік үдеріс, психологиялық қолдау, білім беру әдістері және отбасымен өзара байланыс тақырыптары қаралды.

Іс-шаралар барысында қатысушыларға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары, төтенше жағдайларда әрекет ету ережелері, сондай-ақ үйде және балабақшада тәрбие мен дамуды қолдаудың тиімді әдістері жөнінде ақпарат берілді. Ата-аналар мен педагогтар практикалық мысалдар арқылы балалардың эмоционалды және физикалық әл-ауқатын сақтау, дұрыс қарым-қатынас орнату тәсілдерін меңгерді.

Сонымен қатар, конференциялар мен семинарлар барысында балабақшадағы тәрбие үрдісінің негізгі бағыттары, балалардың оқу дағдыларын қалыптастыру, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдары талқыланды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, туындаған сұрақтарға нақты жауап алды.

Аталған іс-шаралардың мақсаты – балалардың қауіпсіздігі мен дамуын қамтамасыз ету, ата-аналар мен педагогтар арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықты нығайту, тәрбие мен оқыту сапасын арттыру болып табылады.

### **№3 Педагогикалық кеңес шешімі**

1. Ата-аналарға арналған тренингтерді жалғастыру. Тренингтерді жүйелі ата-аналар жиналыстарында өткізу.
2. Ата-аналарға үйде сөйлеу дағдыларын дамыту бойынша практикалық нұсқаулар беру. Күнделікті өмірде қолдануға болатын ойындар, жаттығулар және сөйлеу кемшіліктерін түзету әдістерін үйрету. Балалардың сөйлеу кемшіліктерін анықтау және түзету – әр баланың қажеттіліктерін ескере отырып, ата-аналарға нақты практикалық ұсыныстар беру. Ата-аналар мен балалардың бірге тәжірибе жасауын ұйымдастыру – үйде сөйлеу дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік жасау.
3. Жас аналар мектебін дамыту. «Жас аналар» мектептерін тұрақты түрде ұйымдастыруды жалғастыру қажет.
4. Жас ата-аналармен жұмыс жасауда психологиялық қолдауды қамтамасыз ету – жаңа рөлдерге бейімделу кезеңінде сенімсіздік пен

стресс сезімдерін ескеру. Балабақшадағы консультативтік пункттің жұмысын дамыту. Тәрбиелік әдістерді практикалық және қолжетімді түрде ұсыну – үйде бала тәрбиесіне қолдануға болатын нақты тәсілдер мен жаттығуларды көрсетуді жалғастыру.

5. Әкелердің тәрбиедегі белсенділігін арттыру. Әкелерге арналған іс-шараларды жыл бойына өткізіп, практикалық дағдыларын нығайту қажет.
6. Балалардың дамуын және қауіпсіздігін бақылауды күшейту. Балабақшадағы тәрбие процесін жетілдіру. Балалардың күнделікті әрекеттерін бақылау және дамыту. Отбасы мен балабақша арасындағы байланыс пен ынтымақтастықты күшейту міндеттелсін. Барлық тренингтер мен шеберлік сағаттардан алынған кеңестер мен әдістемелік материалдарды педагогтар мен ата-аналар үшін ұсынып, үйде және балабақшада қолдануға енгізу.

**Педагогикалық кеңестің төрайымы:**

**Педагогикалық кеңестің хатшысы:**

**Г.Б.Мырзагулова**

**К.М. Тасболатова**